

Жаңаөзен қаласының мүгедектері үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 04 желтоқсандағы № 570 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 19 желтоқсанда № 2181 тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 8 ақпандағы № 76 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 08.02.2017 № 76 қаулысымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" және 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес мүгедектерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жаңаөзен қаласы бойынша жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыз мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Болатбаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күн тізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С.Трұмов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесі бастығы

Б.Маркашова

"04" желтоқсан 2012 жыл